

Оспанова Р.Р.¹, т.ғ.к. Бекбаева Т.А.²

¹Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Академик Т.С. Садықов атындағы «Қазақстан тарихы» кафедрасы, т.ғ.к., доцент

²Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Академик Т.С. Садықов атындағы «Қазақстан тарихы» кафедрасы, т.ғ.к., доцент

ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ДӘРЕЖЕСІН КӨТЕРУ

Аңдатпа

Мақалада ғылым оқу арқылы зерттелетіні және әлемдегі барлық адамзат тиісті білім беру арқылы өркениетті ел болуға ұмтылатыны айтылған. Бұған Қазақстан да кіреді. Жастардың жаһандану жағдайында, оларға білім алуға еркіндік пен мүмкіндіктер бере отырып, өздерінің ұлттық бірегейлігін жоғалтпауы үшін мәдениет пен білім беру деңгейін арттыру, ұлттық өзіндік ерекшелігін, мәдени мұрасы мен дәстүрлерін сақтау арқылы «зияткерлік қоғам» құру қажеттігі айтылады.

Қазақстан жастарының зияткерлік деңгейін арттыру үшін мақалада жоғары оқу орындарының кітапханаларында кітаптарға тапсырыс беретін студенттерді цифрлық бақылау арқылы жоғары оқу орындарындағы жастардың зияткерлік деңгейін арттырудың маңыздылығы жан-жақты талданған.

Сонымен қатар, мақалада білімді мамандарды даярлау және зияткерлік ұлттық болашағы уақыт өте келе білімнің, қоршаған ортаның, университеттердің, БАҚ-тың, қоғамдық ұйымдардың әсерінен қалыптасатындығы қарастырылады. Жоғары білім алуға жастарға кітапты көп оқу керек, бұл жастардың білім деңгейін арттырады, сондықтан студенттердің жоғары оқу орындарындағы кітапханаларға қанша кітап оқитынын үнемі бақылау қажет. Кез-келген қоғамдағы әдебиет көптеген адамдардың, соның ішінде жастардың ақыл-ойына қызмет ететінін бәріміз жақсы білеміз.

100 жаңа оқулықты қазақ тіліне аудару арқылы қолжетімді «Рухани жаңғыру» идеясын жүзеге асыруда қазақстандық жастардың әлемдік білімді игеруіне ерекше көңіл бөлініп, қазақстандық жастардың әрбір дұрыс қадамы болашақта мемлекеттің дамуына арналады. ХХІ ғасырда әлемнің барлық дамушы елдері дамыған елдер қатарына көтеріле алмайтынын ескерсек, Қазақстан жастарының зияткерлік деңгейін арттыру болашақта жасалатын үлкен істердің кепілі болады.

Түйін сөздер: ғылым, өркениет, жаһандану, кітапхана, зияткерлік жастар, білім деңгейі, бұқаралық ақпарат құралдары, білімді маман, ерлік, кепіл.

Ospanova R. R. ¹ Bekbaeva T. A. ²

¹ K. I. N., associate professor of the Kazakh National Pedagogical University named after Abaya, Department of history of the Kazakh Academy named after T. S. Sadykova

² K. I. N., associate professor of the Kazakh National Pedagogical University named after Abaya, Department of history of the Kazakh Academy named after T. S. Sadykova

RAISING THE INTELLECTUAL LEVEL OF YOUTH IN KAZAKHSTAN

Abstract

The article says that science is learned through reading, and all humanity in the world strives to become a civilized country through proper education. This includes Kazakhstan. It is argued that we need to create an "intellectual society" by raising the level of culture and education, preserving national identity, cultural heritage and traditions so that young people do not lose their national identity in the face of globalization, giving them freedom and opportunities to get education.

To increase the intellectual level of young people in Kazakhstan, the article comprehensively analyzes the importance of increasing the intellectual level of youth in higher educational institutions through digital control of students ordering books from libraries of higher educational institutions.

In addition, the article considers that the training of educated specialists and the future of an intellectual nation will eventually be shaped under the influence of education, the environment, universities, the media, and public organizations. In higher education, young people need to read a lot, which increases the educational level of young people, so it is necessary to regularly monitor how many books students go to libraries in higher educational institutions to read. As we all know very well, literature in any society serves the intellect of many people, including young people.

In the implementation of the idea of "Spiritual Revival", which is available through the translation of 100 new textbooks into the Kazakh language, special attention is paid to the development of world knowledge by Kazakhstani youth, and every correct step of Kazakhstani youth in the future will be devoted to state development. Considering that in

the 21st century, not all developing countries of the world will be able to rise to the ranks of developed countries, raising the intellectual level of Kazakhstan's youth will be a guarantee of great things to be done in the future.

Key words: science, civilization, globalization, library, intellectual youth, educational level, mass media, educated specialist, exploits, pledge.

Оспанова Р.Р.¹ Бекбаева Т.А.²

*¹к.и.н., доцент Казахского национального педагогического университета имени Абая,
кафедра Истории Казахстана имени Академика Т.С.Садыкова*

*²к.и.н., доцент Казахского национального педагогического университета имени Абая,
кафедра Истории Казахстана имени Академика Т.С.Садыкова*

ПОВЫШЕНИЕ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОГО УРОВНЯ МОЛОДЕЖИ КАЗАХСТАНА

Аннотация

В статье говорится, что наука изучается через чтение, и все человечество в мире стремится стать цивилизованной страной через надлежащее образование. Это включает Казахстан. Утверждается, что нам необходимо создать "интеллектуальное общество" путем повышения уровня культуры и образования, сохранения национальной самобытности, культурного наследия и традиций, чтобы молодые люди не утратили свою национальную идентичность перед лицом глобализации, предоставляя им свободу и возможности в получении образования.

Для повышения интеллектуального уровня молодежи Казахстана в статье всесторонне проанализирована важность повышения интеллектуального уровня молодежи в высших учебных заведениях посредством цифрового контроля студентов, заказывающих книги в библиотеках высших учебных заведений.

Кроме того, в статье рассматривается, что подготовка образованных специалистов и будущее интеллектуальной нации со временем будут формироваться под влиянием образования, окружающей среды, университетов, СМИ, общественных организаций. В высшем образовании молодым людям нужно много читать, что повышает образовательный уровень молодежи, поэтому необходимо регулярно контролировать, сколько книг читают студенты ходят в библиотеки в высших учебных заведениях. Как нам всем хорошо известно, что литература в любом обществе служит интеллекту многих людей, в том числе молодежи.

В реализации идеи «Духовного возрождения», которая доступна через перевод 100 новых учебников на казахский язык, особое внимание уделяется освоению казахстанской молодежью мировых знаний, и каждый правильный шаг казахстанской молодежи в будущем будет посвящен государственному развитию. Если учесть, что в XXI веке не все развивающиеся страны мира смогут подняться в ряды развитых стран, повышение интеллектуального уровня молодежи Казахстана станет залогом больших дел, которые предстоит сделать в будущем.

Ключевые слова: наука, цивилизация, глобализация, библиотека, интеллектуальная молодежь, уровень образования, средства массовой информации, образованный специалист, подвиги, залог.

Ғылым – кітап оқу арқылы меңгеріледі. Әлемдегі күллі адамзат дұрыс білім алу арқылы өркениетті ел болуға жетуді көздейді. Оның ішінде Қазақстан да бар. Жастарға білім алуда еркіндік пен мүмкіндік беру арқылы, жаһандану жағдайында өзінің ұлттық болмысын жоғалтпауы үшін ұлттық болмысты, мәдени мұра мен дәстүрімізді сақтай отырып, мәдениет пен білімділік деңгейін арттырып «интеллектуалды қоғам» құруымыз қажет.

Қазақстан жастарының интеллектуалды дәрежесін көтеру мақсатында жоғарғы оқу орындарында ізденушінің кітапханаларда кітапқа тапсырыс беруін цифрлық қадағалау өте қажет. Болондық білім беру жүйесі бойынша студенттерге берілген тапсырмалардың орындалуы сапасы жоғарғы білім алушы жастардың интеллектуалды дәрежесін көтеруге бағытталуы тиіс. Берілген тапсырмаларды орындалуын талап етумен қатар, студенттердің кітапханаға баруын талап ету және ізденушінің кітапханада қанша кітапқа тапсырыс бергенін қадағалауды жоғарғы оқу орындарының жүйесіне дұрыс енгізу, жоғарғы оқу орындарында интеллектуалды білімді жетілдіру үшін кітапханада кітапқа тапсырыс беру ісін дұрыс ұйымдастырумен анықталуы тиіс. Жоғары оқу орындарындағы кітапханаларды толықтай цифрлық технологияға көшіруде, бәсекеге қабілетті зияткерлік қоғам құру үшін жүйелі түрде ізденушінің білімін жетілдіруде, әр диплом алушының интеллектуалдық деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін қадағалау шараларын ұйымдастыру.

Диплом алушының білім деңгейін тексеру әлем бойынша бір жүйеде сайт арқылы енгізу, әлемнің диплом алушы түлектеріне басқа мемлекетке барып жұмыс істеуін жеңілдетіп, қиындық туғызбайтын еді. Сонда белгілі бір маман иесіне өзге мемлекетке қосымша курстар оқып, өз білімін сол мемлекеттің дәрежесінде жетілдірудің қажеті болмайды. Сондықтан жоғары оқу орындарына цифрлық жүйелі тексеруді енгізу қажеттігі, алдағы уақытта әлемнің барлық жоғары оқу орындарындағы білім алушылардың білім деңгейін ғаламтор желілері арқылы әлемдік деңгейде қадағалауға мүмкіндік береді.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алғалы бері қолға алған және «Мәдени мұра» бағдарламасы аясындағы атқарылған жұмыстардың негізінде ғылыми айналымға жаңа тарихи және археологиялық деректер қосылды [1]. Бұл өз

кезегінде жоғары оқу орындарында оқитын студенттердің интеллектуалды білім деңгейін арттыруға ықпалдық етеді.

XXI ғасырда еларалық бәсекелестіктің күшеюі салдарынан дамушы елдердің мүмкіншіліктерінің шектеулі болатындығын ескерсек, дамыған елдер тобына кіру үшін Қазақстан дамуда серпіліс жасауы тиіс. Әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіруге өткен ғасырда Жапония, Финляндия, Сингапур және Оңтүстік Корея қол жеткізді. Бұл ретте Қазақстан табысы орташа деңгейден жоғары ел болып табылады және әлемнің бәсекеге қабілетті 50 экономикасының қатарына кіреді.

Астана қаласында өткізілген EXPO-2017 көрмесі ТМД елдері мен Орта Азия аумағында өткізілген ең алғашқы халықаралық деңгейдегі көрмеге айналды. «Болашақтың энергиясы» тақырыбы ең үздік әлемдік энергия салық технологиясы, күн, жел, теңіз, мұхит және термалды су тәрізді бүгінде бар баламалы энергия көздерін пайдалануда жаңа әзірлемелер мен технологияны пайдалануға мүмкіндік береді. 1851 жылы Лондонда өткен бірінші Бүкіләлемдік өнеркәсіп көрмесінен бастау алған EXPO халықаралық көрмесі әр жыл сайын зор танымалдыққа ие болып, барлық қатысушыларға әлемнің экономикалық, технологиялық және мәдени жетістіктерімен танысуға мүмкіндік беріп келеді. Бұл Қазақстанның әлемдік дәрежедегі серпілісі болды.

Қазақстанда келесі серпіліс интеллектуалды жастар тәрбиелеу болып табылуы тиіс, ал оған жастар кітап оқу арқылы ғана, яғни патриотизмнің, ұлтаралық татулықты, салт-сана мен дәстүрді білуге қол жеткізеді. Оны жүзеге асыру барысында, жоғары оқу орындарында оқитын ізденушілердің интеллектін кітапханаға барып қанша кітап оқығанын, қанша кітапқа тапсырыс бергенін цифрландыруды пайдалану арқылы бір орталықтан қадағалап білуге болады. Егер мемлекет тарапынан бекітілген оқу-әдістемелік жұмыстары бойынша жоғары оқу орындарындағы бакалаврға 4 жылда оқитын білім жүктемесі негізінде орта есеппен ізденушіге қанша кітап оқу тапсырылатынын есепке алып, сол 4 жылда оқуға берілетін кітаптардың санын орта есеппен мөлшерінде анықтау қажет. Мысалы, ізденушіге әр пәннен 50 әдебиет оқуға берілсе, студенттерге 4 жылда 50 пәннен 2500 әдебиет берілетінін ескерсек, студент соның жартысын, яғни ізденуші жоғары оқу орнын аяқтаған кезде, оқу барысында студенттің кітапханада тапсырыс берген кітаптарының мөлшері 1250 кітап болуы шарт. Егер жоғары оқу орнын аяқтаған ізденуші диплом алар кезде диплом алушының кітапханаға берген кітап мөлшерінің тапсырысы бұл көрсеткішке жетпесе, ізденушіге диплом берілуі кезінде GPA (ұсыныс) жиынтығынан шегерілуі тиіс. Бұл әлемдік дәрежеде бір жүйеге енгізілсе, әлемнің диплом алушы түлектеріне шетелдерде, өз елінен бөлек мемлекеттерге барып жұмысқа тұрарында қосымша курстар оқып, алған білімін дәлелдеудің қажеті болмас еді. Қазақстан болондық білім беру жүйесін қабылдағалы бері, мектеп түлектері әлемнің көптеген мемлекеттері сияқты ұлттық бірінғай тест тапсыруды да үйренді.

Әлем бойынша білім барлық жерде бірдей, тек ол білім алушының қызығушылығына байланысты меңгеріледі. Қазақстанның білімінің қалыптасу тарихы әртүрлі болғанымен, салыстырмалы түрде Кеңес үкіметі тұсында тарихи тағдырлас болған мемлекеттерден жоғары екендігі белгілі. Сондықтан Қазақстанның жоғары оқу орындарында жастардың интеллектуалды дәрежесін көтеру мақсатында осындай жүйелі цифрлық тексеруді енгізу әлемдік деңгейде өз қолдауын табатыны анық. Құллі адамзат кітап оқу адамның, ізденушінің қабілеттілігін арттыратынын мойындайды. Жас ізденуші интеллектуалды қабілетін дұрыс пайдалана білсе, ол өз өмірінде алдына қойған мақсатына жетіп, еңбегінің жемісін жейді және бастаған әр ісін табысты орындайды, соңында өз жетістігін елді дамытуға жұмсайды.

Қазақстан республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» деп тақырыпталған 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауындағы бірінші үш маңызды кешенін жүзеге асыру мақсатында, білім беру жүйесінің рөлін өзгертуге бағытталады. Сол себепті, жоғары оқу орындарындағы кітапханаларды толық цифрлық технологияға өткізу арқылы студенттердің кітапханаға барып қанша кітапқа тапсырыс бергенін қадағалау мүмкіндігіне ие болу мүмкіндігі туындайды.

Бүгінде интеллектуалды ұлт қалыптастырудың негізгі іргетасы ақпараттық құралдарды пайдалана отырып, жастардың ақыл-ой өрісін дамытуға көңіл бөлуіміз қажет, яғни күнделікті қолданылатын ғаламтор арқылы. Қазақстан жастарының интеллектуалды дәрежесін көтерумен бірге ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, жас ізденушілердің бойында ұлттық идеяны іске асыруға қызмет етуді қалыптастыру қажет.

Адамзат қоғамы еш уақытта біртекті, біркелкі болған емес, сол себепті жастардың көп кітап оқуы, жастардың бойында қайрат пен жігерді, тектілік пен парасаттылықты қалыптастыруда шешуші қызмет атқарады. Жоғарғы оқу орындарында студенттердің кітап оқу үрдісін цифрлық жолмен қадағалау Қазақстанда ғана емес, басқа да шетелдердің қызығушылығын тудырып, өз нәтижесін беретіні сөзсіз.

Жастар өз интеллекттерін ұлттық мүддеге пайдалана білудің өзі, мемлекет үшін үлкен жетістік болмақ. Жоғары оқу орындарындағы әр студенттің диплом алу кезінде, студенттің 4 жыл бойы қанша кітап оқығандығын анықтау мүмкіндігіне қол жеткізу, мемлекет тарапынан үлкен ұйымдастырушылық жұмыстарды қажет етеді. Жоғары оқу орындарының орналасуына байланысты қаланың кітапханаларымен байланыса жұмыс жасау жұмыстары бір жүйеге келтірілуі тиіс. Цифрлық жүйедегі кітапханалар желісі Білім және Ғылым министрлігінің тікелей қадағалауына өтіп, бір орталықтан басқарылса интеллектуалды ұлт қалыптастыру жұмыстары ұтымды жүзеге асырылатын еді.

Диплом алушылардың кітапханаларда кітапқа берген тапсырыстарын жүйелі түрде қадағалаудың түрін келешекте ғаламтор желілері арқылы әлемдік дәрежеде қолжетімді болуына ұмтылыс жасалуы қажет. Бұл әр адамның күнделікті ғаламтор пайдалануында қолжетімді сайт болуы тиіс. Диплом алушы жас маман оқуы аяқталған кезде, қойылған талапқа сай орта есеппен кітап мөлшеріне тапсырыс беру арқылы ғана диплом ала

алатындығын білуі тиіс. Бұл қазіргі жағдайда қазақ жастарының шетелге оқуға көптеп кетуіне тосқауыл болуы да әбден мүмкін. Өйткені қазіргі таңда қазақ жастары арасында жоғары жалақы алуды көздеген жастарымыз шетелдерге көптеп кетуде, бұл мемлекеттің келешегіне, яғни адам ресурсының шығынына әкелмек.

Қазақстанның білім беру жүйесінде тәлімді маман даярлау және интеллектуалды ұлт болу мақсатында шетелден ғалымдар шақыртылады, жастарымыз шет мемлекеттерге оқуға кетіп жатыр. Осының барлығы белгілі бір уақыт аралығында біліммен, қоршаған ортаның ықпалымен, жоғары оқу орындары, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар әсерімен қалыптасады. Келешекте БҰҰ сияқты әлемдік деңгейде бір орталық ашылып, әлемнің жоғары оқу орындары соған мүше болып, ортақ реформа, оны қорғайтын заңнама қабылдануы тиіс.

Жоғары оқу орындары жастарының интеллектуалды дәрежесін көтеру мемлекет тарапынан қабылданып жатқан түрлі бағдарламалардың мақсаты болып табылады. Сондықтан жастарды кітап оқуға баулу және оны қадағалау, бұл жастардың білім алу деңгейін жоғарлатады, сол себепті студенттердің жоғарғы оқу орындарында кітапханаларға баруын, кітапханаларда қанша кітапқа тапсырыс бергенін жүйелі түрде қадағалау арқылы ғана оған қолжеткізуге болады. Әдебиет қай қоғамда болмасын көпшіліктің, оның ішінде жастардың интеллектіне қызмет етеді, ал жастар сол елдің әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси, мәдени дамуын ілгерлетеді.

Ұлы Абай Құнанбайұлының өзі Семей қаласындағы кітапханаға барып өз білімін жетілдірген /2/. Абай Құнанбайұлы надандыққа қарсы ғылымды, алауыздыққа қарсы білімді, жауыздыққа қарсы әділдікті ұстануды нұқсады. Бұл бүгінгі жастар арасында көп айтылмайтын мәселелердің бірі. Әсіресе, Ыбырай, Абай және Ш.Уәлихановтың шығармаларындағы рухани көзқарастарын салыстыра келіп ондағы негізі бір болған философиялық-идеологиялық, рухани-мәдени тарихи тұтастықты көтерген факторларының қазақ қоғамына ерекше ықпал еткендігі бәрімізге мәлім.

Қазақ ағартушылары мен қазақ интеллигенциясы көтерген мәдени мұра бүгінгі таңда «Рухани жаңғыру» идеясын жүзеге асыруда 100 жаңа оқулықты қазақшаға аудару арқылы әлемдік білімді меңгерудің қолжетімді болуындағы мақсатпен сабақтасты. Қазақстандағы 100 жаңа есімді анықтау мақсаты, көп ұлтты болып табылатын еліміздің қайраткерлері мен тұлғаларын анықтап, бір жүйеге келтіру арқылы тәуелсіз Қазақстанның тарихын нақтылау /3/ болып табылады. Ал жастарымыздың бұл кітаптарды оқығандығын қалай анықтаймыз, оны анықтап алмайынша бұл жұмыс орындалды деп, есеп берудің өзі мүмкін емес.

Мемлекеттік істегі адамның парасат ісі оның мемлекет мәселелерін шеше алуында. Ол өз ісінде достарына жақсылық жасайды, жауларына зияншылық жасаудың басқалардан өзіне нұқсан келмеуін көздейді. Әр адамның өзіндік атқаратын қызметтері бар. Оның жақсысы мен жаманын халық бағалайды. Ондағы нағыз жақсылық дұрыс пікір мен білімді ұштастыра білу. Осындай адам ғана әлемдік өркениет тұрғысынан дұрыс көзқараста болады. Елдің әлеуметтік-экономикасын дамыту мақсатына жеткізетін жол шын пікір мен білім. Осы орайда, Платон мемлекет ісімен айналысатын адамға әділдік, білім мен қоса әдіскерлік пен айлакерліктің де қажет екендігін ескертеді. Мемлекеттік адамдарды кейде құдіретті күш қолдайды. Олар тіптен бүгінгі өз істерінің маңызын терең біле алмауы да мүмкін. Бірақта олардың әрбір дұрыс қадамы келешекте жасалатын ұлы істердің кепілі болады /4/-деген пікір айтады. Оның негізі жалпыұлттық идея – бірлік, оны ұрпағымыздың бойына сіңіруде жатыр. Бұл өз кезегінде биліктен ұлт келешегі үшін тиімді шешім қабылдауы мен дамудың келешегі үшін жасалатын игі істерді құптауын қажет етеді.

Әлемде озық дамыған 30 елдің қатарына енгізе ұмтылған халқымыздың алдында бүгінгі таңда білімді де, тәрбиелі ұрпақ өсіру міндеті тұр. Тәрбиенің басты нысаны елдік сананы қалыптастырып, отансүйгіштікті негіздеу. «Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз – ел бірлігі болу керек. Осынау жалпы ұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре беруге тиіспіз» деген Елбасының сөзі, татулығы мен ынтымағы жарасқан елдің болашағы да табысты, ертеңі берекелі болатынын меңзейді. Бұл – тәуелсіз елдің басты бағыты, бекем байламы. Оны жүзеге асыру бәсекеге қабілетті білімді талап етеді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2017 жылы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасын жария етті. Бұл бағдарлама қазақ халқының ұзақ жылдар бойы күткен, ұлтымыздың ұлттылығын ұлықтауға арналған. Бұл бағдарлама Қазақстанға өзінің жаңа идеяларымен түбегейлі жаңғыруға шақырған өзгеріс әкелді /5/. Қазақ халқының рухани мұрасы негізінде қалыптасқан ұлттық құндылықтарды қазақ жастарының бойында сақтай отырып, жастарымыздың интеллектуалды дәрежесін көтеру мақсатында оны әлемдік деңгейге көтеру маңызды. Рухани жаңғыру негізінде жастарға тәрбие беру – келер ұрпақ үшін күрес құралы болса, ондағы міндет жастарды Отансүйгіштікке тәрбиелеу арқылы өз халқына деген сүйіспеншілігін оятумен қатар, сапалы білім беру қазақ елінің дамыған елдер қатарына көтерілуіне мүмкіндік береді.

Интеллекті жоғары жастардың бойында Отаншылдық сезімі жоғары болады және бұл сезім адамға туа біткен қасиет емес, ол негізінен адам өміріндегі жоғары білім мен психологиялық, саяси-әлеуметтік құбылыс негізінде туындайтыны белгілі. Жоғары сапалы білім жалпы адам баласының еліне, жеріне, өз тілі мен мәдениетіне, ұлттық құндылықтарын пайымдайтын, дүниеге шынайы көзқарасын қалыптастыруда, бостандыққа, еркіндікке, тәуелсіздікке, өз дербестігін сақтауда адамға үлкен күш береді. Интеллектуалды ұлт қалыптастыру үшін төл тарихымызды жақсы білуіміз қажет, сонда ғана интеллектуалды ұлт тарихи санамен қалыптасады.

Еліміздің тәуелсіздігінің нығаюы мен оның әлемдік бәсекеге барынша қабілетті болуы, әрине, осы мәселелерді қатар алып жүрумен тығыз байланысты екені белгілі. Осы мақсатқа орай, кеңестік кезеңдегі қазақ халқына насихатталған кеңестік идеологияның сипаты мен салдары ұлттық мүдденің жаңғыруына кері әсерін тигізді. Бұл мәселе қазақ қоғамы дамуының жаңа арқаға түсуіне, оның барлық бағыт-бағдарын, қажеттіліктері мен себеп-салдарларының түбегейлі өзгеруіне, мұның өзінің қазақ халқының ой-санасына, өмірлік

ұстанымдарына әсер-ықпалы болмай қалған жоқ. Еліміздің экономикасы мен демографиялық жағдайының тұрақтануы, қалыпты дамуы, қоғамда жүргізілген идеологиялық саясат ескеріліп, бағалануына тәуелді. Осыны ескере отырып, Қазақстан жастарының интеллектуалды дәрежесін көтеру мақсатында жоғарғы оқу орындарында ізденушінің кітапханаларда кітапқа тапсырыс беруін цифрлық қадағалау идеясының маңызы жоғары екенін естен шығармаған жөн. Өйткені жастарымыздың кітап оқығанын немесе оқымағандығын, тек қана кітапханада кітапқа тапсырыс бергендігін анықтау арқылы білуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы: ҚР Президентінің 2004 жылғы 13 қаңтардағы № 1277 Жарлығымен бекітілген; «Мәдени мұра» ұлттық жобасының 2009-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы: 2008 ж. қарашаның 4 жұлдызында Үкімет отырысында қаралды//Егемен Қазақстан. - 2008. - 5 қараша (№336-337).

2 А. Құнанбаев. Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла... А.: Алматыкітапбаспасы, 2011 ж. – Б. 4, 180

3 ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы. – Астана, 2013.

4 Платон. Апология Сократа, Критон, Ион, Протагор/ Общ. ред. А.Ф. Лосева и др. М.: Мысль, 1999.- С.864. (222)

5 «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. //Ақиқат. №1, 2013. 5-27 бб.